

БЕКІТЕМІН

«Жамбыл облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы
Талас аудандық орталық
ауруханасы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны бас
дәрігері

Е.А.Имаммұраев

«14» сәуір 2023 жыл



«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Талас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1. Жалпы ережелер

1. «Талас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚКМК - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат). «Талас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚКМК - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен куресу, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушулық негіздерін белгілейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыйбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, «Талас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚКМК сыйбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мыналар бойынша «Талас аудандық орталық ауруханасы» лауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:
 - 1) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыйбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
 - 2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері «Талас аудандық орталық ауруханасы» барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың маңсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлыктан бас тартатын және әділдеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі маңсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 3) «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ қызметтің регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. «Талас аудандық орталық ауруханасы» , сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) төмендегілер арқылы «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылышын қалыптастыру:
 - қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында КР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;
 - «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлеріне «Талас аудандық орталық ауруханасы» және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен үйімдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;
 - «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;
- 2) «Талас аудандық орталық ауруханасы» лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын беліктілік талаптарын қою;
- 3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрган лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс;
- 4) «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алайқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе құдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында «Талас аудандық орталық ауруханасы» бірінғай саясатын жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ак азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Талас аудандық орталық ауруханасы» өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;
- «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тартуға, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты біletін «Талас аудандық орталық ауруханасы» өзге де қызметкерлері, сондай-ак үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлері «Талас аудандық орталық ауруханасы» басшылығына деруе хабарлауға міндettі.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық соңына жеткізіледі.

5. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлері:

- 1) мұдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мұдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта деруе өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндettі.

12. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мұдделер қақтығысы тарапы болып табылатын «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіpte қызметтік міндettерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. «Талас аудандық орталық ауруханасы» қызметкерлері сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.